

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.434-437

Ә. БӨКЕЙХАН – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ОРМАНШЫ ҒАЛЫМЫ

Сарсекова Д.Н., Сұлтанов С.

Қазақстандағы орман шаруашылығының даму тарихына, оны өркендетуге үлес қосқан адамдар, саланың әр түрлі мәселелерін зерттеп, келелі ой-пікірлерін білдіріп, құнды еңбектер, мақалалар жазып, кітаптар шығарған ғалымдар қызметінің алатын өзіндік орны ерекше екендігін естен шығармағанымыз жөн. Сондай адамның бірі ғана емес бірегейі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан.

Ә.Н.Бөкейхан (1866-1937) - қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының көсемі, «Алашорда» үкіметінің премьер-министрі болған тұлға. Сонымен бірге ол артында көптеген мақалалар, құнды ғылыми еңбектер жазып қалдырған ғалым.

Әлихан туралы орыстың Брокгауз және Ефрон энциклопедиялық сөздігінде (8-том, 1911-1916) былай деп анықтама береді: «Букейханов Алихан Нурмухамедович – лесовед-статистик; род. в 1869г., принадлежит к султанскому роду Букей, причисляющему себя к чингизидам. Б. учился сначала в медресе, потом в земском техническом училище и лесном институте, который окончил в 1894 г.».

Бұл жерде ескеретін нәрсе 1861 жылға дейінгі Ресей империясында барлығы жеті институт болса, соның бесеуі Петербордағы – Политехникалық және Орман институттары, жол қатынасы инженерлері корпусы, Азаматтық инженерлер институты, жоғары тау училищесі болатын [1].

Соның ішінде қазақ жастарынан бірінші болып Әлихан Бөкейхан білім алған Орман институты 1803 жылы Орман училищесі болып құрылған бұл оқу орны Ресейдегі, тіпті әлемдегі ең көнелердің бірі болып саналады. 1929 жылдан Ленинградтың Ормантехникалық академиясы атанды. Бұл жоғарғы оқу орнының ғылыми мектебінің қалыптасып, дамуына атақты қоғам қайраткерлері Д.А.Лачинов, А.Н.Энгельгардт, П.А.Костычев, Д.Н.Кайгородов, Д.М.Кравчинский, М.М.Орлов, М.Е.Ткаченко, академиктер И.П.Бородин, К.К.Гедройц, Н.А.Максимов, В.Н.Сукачев, В.Н.Оболенский және т.б. еңбек сіңірді [2].

Санкт–Петербургдың орман институтына Әлихан 1890 жылы түсіп, оны 1894 жылы бітіріп шығады. Қазіргі Санкт – Петербург мемлекеттік орман – техникалық академиясының мұрағаты сақталып отырған Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаттан (ОМТМ) Әлихан Бөкейханның осы оқу орнында оқығанына қатысты бертінде бірқатар жаңа құжаттар табылды.

Оның бірі Әлиханға екінші дәрежелі ғалым – ормантанушы атағының берілуі туралы аттестат. Одан Әлиханның емтихандарды қалай тапсырғанын байқауға болады. Мысалы, ол барлығы 21 пәннен емтихан тапсырса, оның ішінде 11 сабақтан өте жақсы деген баға алыпты. Олардың арасында математика, ботаника, минералогия, лесоустройство, лесное инженерное искусство және т.б. бар.

1894 жылы ол Омбы қаласындағы төменгі дәрежедегі орман мектебіне орналасып, екі жылдай өз мамандығы бойынша сабақ жүргізеді. Жоғарыдағы жәйлардан шығатын қорытынды - Ә.Бөкейхан алған білімі мен атқарған қызметін есепке алғанда қазақтың ормантану саласына тікелей қатысы бар адам, яғни қазақтың тұңғыш ормантанушы ғалымы.

Жалпы, ол кісі бұл салаға кездейсоқ келмеген. Өйткені, Әлихан туып өскен сол кездегі Семей облысына қараған Павлодар, Семей уездері, сонымен бірге кіндік қаны тамған Қарқаралы уезі қазақ жеріндегі орманды өлкелер қатарына кіреді. Сондықтан да 1890 жылы Омбыдағы техникалық училищені (ОТУ) «техник» мамандығымен бітірген Әлиханның Ресей астанасындағы орман институтын таңдауында белгілі бір заңдылық бар. Өйткені, бала жастан аясында өскен далалық өлкенің ерекше байлығының бірі сыңсыған орманына деген сүйіспеншілік Әлиханның жүрегінен орын алып, мамандыққа бет бұрыс жасауына да ықпал еткеніне сенімдіміз. Сондықтан да болар техникалық училищедегі оқуының мерзімі аяқталуға таяғанда Әлихан ОТУ директоры Н.Е. Доброхотовқа өзінің ары қарай оқып, Санкт- Петербордағы Орман институтына бармақ ниеті бар екендігін айтады. Талапты жастың бұл ниетін директор қолдап, Дала генерал-губернаторы канцеляриясынан Орман институтының профессоры Бородинге ұсыныс-хат жазылып және қазақ қауымдастығынан 200 сом стипендия алып Санкт- Петерборға сапар шегуіне жағдай тудырады.

1896 жылдан бастап Ә. Бөкейхан қазақ даласын зерттеуге шыққан, дәлірек айтсақ Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатын жүзеге асыруға бағытталған Щербина экспедициясының жұмысына қатынасады. Экспедиция Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезін мұқият зерттеді. Бұл қазіргі Қазақстан Республикасының он облысын қамтитынын ескерсек, жұмыстың ауқымдылығы қандай болғанын айқын бағалауға болады. Олар материалдар жинап, қазақтардың жер пайдалануы жөніндегі өндеген материалдардың он үш томын басып шығаруға әзірледі (1-13т. 1898-1908). Экспедиция материалдары тұңғыш рет қазақ жерін кеңінен қамтыған, жан жақты шаруашылық-статистикалық деректерді құрады.

Алғашында санақ (статистика) жұмыстарын жүргізуші ретінде қабылданған жас жігіт, кейін тәжірибе жинақтап, өзінің білімі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, экспедицияның жеке зерттеу тобының басшысы лауазымына дейін көтеріледі.

Ф.А.Щербина Әлиханға: «Г.Букейханов крайне необходимый для экспедиции специалист – статистик. Будучи сам киргиз по происхождению и зная превосходно киргизский быт, Букейханов получил подходящее образование для изучения естественно-исторических условий края, знаком со

статистической техникой и отличается в высшей степени важным для работы качеством строго объективного наблюдателя» [3; 81] – деп жоғары баға берген. Ә.Бөкейхан ол жылдарда негізгі қызметі Омбы орман мектебінің оқытушысы және орманшы қызметінде [3; 82] болғандықтан экспедиция жұмысына уақыты болған кездерде қатысқан.

Одан кейін ол 1903 жылы С.П.Швецов басқарған Сібір темір жолы бойында Челябин мен Томск қалалары арасында қоныстанған қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге арналған экономикалық экспедицияның жұмыстарына қатынасады [4, 11].

Жоғарыда айтылған қызметтерді атқара жүріп, өзінің зерттеу нәтижелерін, ой-пікірлерін, ұсыныстарын жазған монографиялар мен мақалаларында барынша ашып көрсетті. Көкейкесті мәселелер бойынша өз көзқарасын батыл айта білді. Соның ішінде өзіне етенке таныс ормантану мәселелеріне де назар аударды. Соның бірі “Переселенцы в Тарских урманах (из записной книжки статистика)” атты ғылыми еңбегі (Букейхановъ, А. Переселенцы в Тарских урманах//«Сибирские вопросы» журн., № 11-12, от 1908г., стр.1-9; 7-12. СПб.).

Бұл еңбекте Әлихан өзінің 1907 жылы жаз айында Тобыл губерниясындағы Тара үйезінің Атыр және Сидельников болыстығына қарайтын жаңадан қоныстанған 27 поселканы аралағандағы жағдайды жазады. Ол аталған елді мекендердің 1897-1900 жылдар аралығында пайда болғанын, яғни жер учаскелерін бөліп берген алғашқы жылдан бастап қоныстанған, сонда бұл ауданды игеру соңғы 10 жыл бойына жүргізіліп келе жатқандығына тоқталады. Зерттеулер нәтижесіне сүйене келе жыл сайын бөлінген жердің 6 процентіне халық орналасқанын айтып, он жылда барлық жердің 62,5 проценті ғана игерілген деп қорытынды жасайды. Одан ары қарай Әлихан орманды жерді қоныстанушылардың қалай игеріп жатқанын баяндайды. Ашық далалы өңірге қарағанда, орманды жерлерді игерудің ерекшеліктеріне назар аударады. Орманды жерде халық өмір сүріп, өзін өзі асырау үшін егістік, шабындық жерлер керек. Ол үшін еңбек етіп, қажетті алқаптарды ағаштардан тазарту керек. Әлиханның зерттеуіне қарағанда қоныстанушылар он жылда барлық бөлінген жердің 1 процентін ғана ағаштардан тазартқан, басқаша айтқанда, орманды тазартудың баяу жүргендігі сондай, орманнан алқаптарды тазартуға, тікелей айтқанда, ғасырлық өмір керек деп жазады. Ал бұл жұмыстың баяу жүргізілуі қолданылып жатқан әдістер мен тәсілдерге байланысты деп, соларға тоқталады. Негізгі әдіс өте қарапайым; орманға өрт қойып жібереді, ал оны өшіруді қажетсінбейді, сондықтан жыл сайын орманның әр тұсы өртке оралады. Ешкім оны өшіріп жатқан жоқ, өзі әртүрлі себептерге байланысты тоқтайды. Кейбір поселкаларда ағаштарды қиып-кесіп, бір жерге үйіп өртеп жібереді, ал қалған түбірлерін аршып, алып тастайды. Имшагал атты поселкада орманнан жерді тазалаудың басқадай әдісі – оларша айтқанда, ағаштарды шіріту қолданылады. Бұл әдістің мәні мынада: маусым айында қайың шырынға толған кезде, оны айналдыра діңіне дейін сырт қабығын және шел қабығын аршып алады. Қабығынан айрылған ағаш келесі жылы өлі

ағашқа айналып, күн сәулелерінің топыраққа түсуіне жағдай тудырады. Содан өлі орманда шөп шабуға жарайтын алқап пайда болады. Қабығынан айырылған ағаштар 5 жыл шіриді. Қабығы сыдырылған көктерек 7 жыл тұрады. Бір жұмысшы бір күнде қалың қайыңды орманның 1/4десятина (орыстардың 1,09 гектарға тең жер өлшеуі) жерінің қабығын аршиды. Қабығынан сыдырылған орманның бір десятинасын екі адам ағаштар мен түбірлерден 30 күнде тазалайды. Сонда, орманның бір десятина жерін осындай әдіспен тазалау 64 жұмыс күшіне пара пар немесе жұмыс күнін 50 тиын десек, 32 сомды құрайды. Бірақ әр поселка маңындағы жер үлесінде әр түрлі ағаштар (қарағай, бал қарағай, қайың және т.б.) өскендіктен бір десятина орманды тазалауға әр түрлі жұмыс күні кетеді. Сондықтан тазалауға төлейтін ақшада бірдей емес.

Ә.Бөкейханның жүргізген бұл зерттеу, есептеріне кеңінен тоқталғанымыз, ол былай деп жазыпты: «Біз бір десятина орманды жерді тазалаудың әдістері мен құнына біраз тоқталғанымыз ормандағы ағаштарды тиімді тазалау, онымен күресу – бұл жерге қоныстанушыларды орналастырудағы басты міндет».

Ары қарай Әлихан орманды тазалап, шөп шабуға жарайтын алқаптар пайда болғанымен жұмыс бітпейді дейді. Орманды жердің шөбі көбінесе - әр түрлі өлең шөп пен құнарсыз дәнді дақылдар – құнарлылығы төмен және дәмсіз; мал оны жөнді жемейді және ариды. Бір де бір поселкада әр түрлі шөптер өсетін жақсы шабындықтар жоқ. Дегенмен қоныстанушылардың қажетті шөп тұқымдарын себу тәжірибесі басталған. Егер де ол қарқын алып, кеңінен таралмаса, бұл жерде шаруалардың орнығуы неғайбыл. Орманды жердің топырағы егістікке қолайсыз, оған тыңайтқыштар керек; ал егіндікті көң, қыймен өңдеу, егін шаруашылығын дамытудың алғы шарты – мал шаруашылығын дамыту болып табылады. Ал мал ұстау үшін орманды алқаптың құнарсыз шөбі жеткіліксіз [4; 237-241].

Ә.Бөкейхан «Киргизы» (Қазақтар) атты 1910 жылы жарияланған мақаласында қазақ жеріндегі орманды алқапты, яғни далалы қалқаны, өңірдің саясы болған жерді, ішкі Ресейден келген қоныстанушыларға алып беріп, жергілікті халықты күйзеліске ұшыратып отырған саясатын қатты сынап, өз пікірін ашық білдіреді: «Из киргизских земель отводились не только участки для переселенцев, но и казенные дачи. В свое время этот метод мотивировался высшими, так сказать, государственными соображениями, охраной драгоценного в киргизской степи леса, которым страна чрезвычайно бедна. Так как киргизские поселки расположены близ леса, а покосы в самом лесу, то чины лесного ведомства, как и их товарищи из Переселенческого управления – виртуозы в деле закона – тщательно обхватили межой на расстоянии нескольких сажень всю киргизскую оседлость, делая ее хозяина вечным объектом протоколов и штрафов, в конечном результате – киргиз сам уходил от такого житья. Ныне государственные соображения относительно лесного богатства оставлены в стороне, и казенные лесные дачи, наравне с оброчными статьями, отданы под

переселенческие участки; лесу киргизской степи грозит совершенное истребление. Впрочем, когда горит дом – бьют стекла.». [4; 72]

Міне, Әлиханның сол кездегі қазақ даласына деген патша үкіметінің көзқарасы, жүргізген аярлы саясаты хақында қынжылыспен, батыл әшкерелеп жазғанын көреміз.

Осындайда Ә.Бөкейханның көрегендігіне таңданасың. Сол заманда ол айтқан орман шаруашылығының проблемалары осы саланың бүгінгі күнгі мәселелерімен астасып жатыр. Оның көтерген кейбір күрмеулі мәселелері, әлі де көкейтесті. Сондықтан да шешімін таппаған сондай мәселелерді шешу барысында Әлиханның еңбектерінен де тағлым алсақ артық болмас. Әлихан Бөкейханды қазақтан шыққан алғашқы ормантанушы ғалым деп танып, ресми ғылыми айналымға енгізген жөн. Әлиханның ормантану ғылымына қосқан үлесі, еңбектері терең зерттеліп, жоғары оқу орындарындағы «ормантану» мамандығы студенттерінің игілігіне айналып, оқулықтарға еніп, тиісінше лайықты бағалануы тиіс.

Сонымен, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан қазақ тарихында Алаш қозғалысының көсемі, «Алашорда» үкіметінің премьер-министірі болып қызмет атқарған ірі саяси қайраткер ғана емес, сонымен бірге Қазақстандағы ормантану ғылымның қалыптасу және даму тарихынан өзіндік ерекше орын алатын көрнекті ормантанушы-ғалымретінде аталуы тиіс. Ал оның айқын айғағы - жоғарыда біз келтірген деректер, тұжырымдамалар, дәлелдер.

Әдебиеттер тізімі

1. История СССР, 1861-1917 // Учебник для студентов пед. ин-тов по ист. спец. / Под ред. Н.Д.Кузнецова. – 5 - е изд., перераб. – М.: Просвещение, 1984. – С. 187.

2. Большая Советская Энциклопедия. (В 30 томах) // Гл. ред. А.М.Прохоров. изд. 3-е. М.: Советская энциклопедия, 1973. - Т. 14. - С. 315.

3. ЦГИА, ф.391, оп.1, д.290, л.81. Письмо Ф.А.Щербины И.И.Тихееву. 29 апрель 1898 ж. Тұпнұсқа.

4. Ә.Бөкейхан. Таңдамалы (избранное) / Гл. ред. Р.Нургалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995.